

Атаханова С.К., Муксинова А.Т.

**Азаматтық іс жүргізудің
конституциялық-құқықтық
қамтамасыз ету
механизміндегі орны**

Берілген мақалада азаматтық іс жүргізудің конституциялық аяда жүзеге асу ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, азаматтық іс жүргізудің конституциялық-құқықтық сипатына мән беру көзделген. Осыған орай, азаматтық іс жүргізуді тек қана жеке құқық саласының бағытында, процессуалдық аспектіде қарап қана қоймайды, оның конституциялық та компоненті бар екендігін зерттейді. Мақалада логикалық, психологиялық және құқықтық бірлігі тұрғысынан азаматтық іс жүргізудің конституциялық мәселелерін кешенді ғылыми-зерттеу үздік нәтижеге қол жеткізетіндігі туралы сұрақтар қарастырылған. Мақала кейбір заңи маңызды жағдайларды зерттеу қорытындыларын шығарады.

Түйін сөздер: жүйе, конституциялық, құқық, сот.

Atakhanova S.K., Muksinova A.T.

**Place of civil procedure to
ensure constitutional and legal
mechanism**

In this article Peculiarities of the realization of the constitutional context of civil proceedings. At the same time, civil proceedings provided the nature of the constitutional and legal value. In this regard, the civil proceedings only in the direction of private law, not only to the procedural aspect of its component konstituciyalıqta zertteydi. Maqalada that there are logical, psychological and legal issues in the context of civil proceedings constitutional unity of scientific research on the best result is reached is the question. The article summarizes some of the important legal conditions a research.

Key words: system, constitutional, law, court.

Атаханова С.К. Муксинова А.Т.

**Место гражданского процесса
в обеспечении
конституционно-правового
механизма**

В данной статье рассматриваются особенности реализации конституционного контекста гражданского судопроизводства. В то же время намечено изучить гражданское судопроизводство с учетом характера конституционного и правового значения. В данной статье делается попытка ответить на вышеуказанные вопросы, рассматривается вопрос, что при комплексном исследовании конституционных проблем гражданского судопроизводства с точки зрения логической, психологической и правовой в единстве достигается наилучший результат. Статья подводит некоторые итоги изучения юридически значимых обстоятельств.

Ключевые слова: система, конституционный, право, суд.

**АЗАМАТТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
МЕХАНИЗМІНДЕГІ
ОРНЫ**

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, отандық заң ғылымының алдында келелі мәселелерді шешуді алға тартып отырғандығы белгілі. Бұл бір шетінен алып қарағанда, заңды құбылыс болып табылады. 70 жыл Кеңестік мемлекет құрамында өмір сүрген қазіргі тәуелсіз мемлекеттердің барлығы, өздерінің ұлттық құқықтық жүйесін жаңа негізде қалыптастыру үстінде. Қазақстан да бұл жағдайды бастан кешіріп отыр. Сондықтан да, кезінде кеңестік заң ғылымында қалыптасқан құқықтық ілімдерді, категориялар жүйесін қайтадан ой елегінен өткізіп, әлемдік құқықтық жүйелердің қалыптасу тәжірибесін ескере отыра, өзіміздің ұлттық құқықтық жүйемізді айшықтау алдымызда тұр. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл бағытта қазақстандық заң ғылымында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Ал, соның ішінде, кенже қалып келе жатқан бағыттың бірі, біздің ойымызша, жалпы азаматтық іс жүргізу саласы болып табылады. Азаматтық іс жүргізу Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесінде жаңадан қалыптасып, дамып келе жатқан құқықтық саланың бірі екендігі белгілі, біз бұл жерде жалпы азаматтық іс жүргізу саласының мәселесін қарастыруды мақсат етіп отырған жоқпыз. Жалпы азаматтық іс жүргізудің конституциялық аяда жүзеге асу ерекшеліктерін, оның конституциялық-құқықтық сипатына мән беріп, мәселеге сол қырынан келуді мақсат етіп отырмыз. Оның объективті де себептері бар. Өйткені, қандай да болмасын, құқық саласы конституциядан бастау алады. Сондықтан да, азаматтық іс жүргізуді тек қана жеке құқық саласының бағытында, процессуалдық аспектіде қарап қана қоймайды, оның конституциялық та компоненті бар екендігін естен шығармауымыз керек. Әрине, бұл жерде ғылыми қателік жасап алмау үшін майдан қыл суырғандай, ұқыптылық қажет екендігі белгілі. Сондықтан да, осы талаптар деңгейінен біз азаматтық іс жүргізудің конституциялық құқықтық жүйедегі алатын орнына тоқталуға бұрылғанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Конституциясында сот ісін жүргізудің нысандары ретінде қылмыстық, азаматтық іс жүргізу танылатындығы белгіленген болатын. Әрине, азаматтық іс жүргізу жүйелі түрде Конституцияда реттелмесе де, оның негізі айқындалған деп

санай аламыз. Айтылған бұл жағдайдың өзі, бізге азаматтық іс жүргізудің де, конституциялық құқықтық негізі бар екендігін айқындатады. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде құқық салаларын бөлудің жаңа негіздегі қағидалары да қалыптасу үстінде. Біз сөз етіп отырған азаматтық іс жүргізудің конституциялық бастауларын, Ресейлік ғалымдар қазіргі кезеңде жаңа бағытта талқылауда. Ресейлік ғалымдар конституциялық құқықтың пәні мен әдістерін де жаңа тұрғыда бағалауда. Мысалы, Ресейлік ғалым О.Е. Кутафин былай дейді: «...что место конституционного права в системе права Российской Федерации определяется, прежде всего, тем, что оно регулирует общественные отношения, которые являются основополагающими во всех областях жизни и служат основой формирования всех других отношений. Нормы конституционного права закрепляют определяющие принципы, на которых основано устройство общества и государства, которые характеризуют положение человека в обществе и государстве, а также основные неотъемлемые права, свободы и обязанности человека и гражданина. Они регулируют широкую сферу отношений между Федерацией и ее субъектами и закрепляют основные принципы системы органов государственной власти и органов местного самоуправления» [1, с 43]. Міне, бұл айтылған ойда конституциялық құқықтық деңгейде азаматтық іс жүргізудің негіздерін қарастыруға болады деп айтуға мүмкіндік береді. Конституциялық құқықтың тағы да бір ерекшелігі Ресейлік осы саланың білгірі Е.И. Козловтың ойы бойынша былай: «...конституционно-правовое регулирование общественных отношений в различных сферах жизни, охватываемых данной отраслью, неодинаково по своему объему.

В одних сферах жизни общества нормы конституционного права регулируют лишь основополагающие отношения, которые определяют содержание всех остальных отношений в соответствующей сфере. Во всем объеме их регулирование осуществляется другими отраслями права. Так, в сфере экономической жизни общества предметом конституционного права являются только те отношения, которые характеризуют основные начала и принципы экономики, формы собственности. А в полном объеме правовое регулирование экономических отношений осуществляется гражданским, хозяйственным, предпринимательским, финансовым и рядом иных отраслей права» [2, с 10]. Біз талдап отырған пікірлерден шығатын қорытынды конституциялық

құқық аясы үлкен қатынастарды реттейді. Айтылған жағдай азаматтық іс жүргізудің конституциялық-құқықтық деңгейде қарастырылатын мәселе екендігін тағы дәлелдей түсетіндей.

Осы жерде тағы бір тоқталатын теориялық мәселенің бірі, конституциялық-құқықтық институт болып табылады. Себебі, конституциялық-құқықтық институт аясына азаматтық іс жүргізудің негіздерін кіргізуге бола ма, болмай ма? – деген мәселені де қарастырып өтуіміз керек. Құқық теориясында құқықтық институт мәселесін әр қырынан қарастырады. С.А. Табанов құқықтық институтты былай бағалайды: «Құқықтық институт құқық жүйесінің екінші деңгейін құрайды. Ол дегеніміз бір ғана қатынасты емес, қоғамдық қатынастардың нақтылы топтасқан, бірлескен түрлерін дербес реттеуге бағытталған құқықтар топтары. Демек, құқық институты, дәлірек айтсақ, салалар шеңберіндегі белгілі бір туыстас қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрлерін реттейтін құқықтық нормалардың топтары. Осыдан келіп, нормалар жиынтығын нақтылы құқықтық институтқа біріктіретін белгілерін атауға болады: 1) құқық нормаларының заңдық бірлігі (жалпы ережелер, құқықтық принциптер, құқықтық ұғымдар, т.б. түрінде көрінуі); 2) белгілі бір қоғамдық қатынастардың толық реттілігі (құқық институты әр қилы құқық нормалар түрін қамтиды, айталық, дефинитивтік нормалар, рұқсат етуші, тыйым салушы, ерік беруші және т.б. нормалар, бұлар жинақтала келе, қоғамдық қатынастардың белгілі бір топтарын толық реттеуге қатысады. Сондықтан, бұлар өзге құқық жүйелерінің құрылымдық бөліктерімен қабыспайды); 3) құқық институттарын құрайтын нормаларды бөлімдерге, бөліктерге, тарауларға, т.б. нормативтік актілердің құрылымдық құрылысына оқшауландырып бөлу» [3, 91 б]. Ал тағы да бір қазақстандық белгілі теоретик, ғалым Т. Ағдарбековтің еңбегінде оған анықтама былай берілген: «Құқықтық институт – ерекшеленген құқық нормаларының кешені, құқық салаларының арнайы бөлігі ретінде белгілі қоғамдық қатынастарды реттейтін түрлерінің бірі. Құқық саласынан құқық институтының айырмашылығы, ол белгілі қатынастардың тек бір бөлігін ғана реттейді» [4, 176 б]. Сонымен қатар, С. Өзбекұлының және Ө. Қопабаевтың еңбегінде құқықтық институтқа осы тұрғыдан былай баға беріледі: «Құқықтық институттар дегеніміз – арнайы айшықталған қоғамдық қатынастарды реттейтін біртекті, біркелкі нормалардың жиынтығы. Мысалы, азаматтық құқық саласындағы меншік құқық институты немесе мәміле, міндеттеме-

лік институттары, Қылмыстық құқықтағы жаза институты және т.б. Басқа құқық салалары да осындай көптеген институттардан қалыптасады» [5, 137 б.]. Ал: «Конституциялық құқықтың конституциялық институттары конституциялық-құқықтық нормалардың ықпалындағы қоғамдық қатынастардың белгілі бір учаскелерін реттеуді көздейді. Әр құқықтық институт шартты түрде конституциялық құқық саласының дербес құқықтық нормалар тобын білдіреді. Құқықтық институттың шартты түрдегі дербестігі құқықтық реттеудің тұйықталмаған тетігімен, конституциялық құқықтың басқа да құқықтық институттарымен байланыста және тәуелділікте екендігімен көрінеді және олардың бәрі өзара байланыста конституциялық қатынастарды реттеуді қамтамасыз етеді» [6, 18-19 бб.]. Конституциялық-құқықтық институттың өзіндік мынандай ерекшеліктері бар: «Конституциялық-құқықтық институттың, кез-келген басқа құқықтық институттың сияқты, өз құрылымы бар. Бұл құрылымды құрайтындар әр қилы заңдық мазмұнымен сипатталады. Мұндай әрқилылық қатынастардың тиісті бөлігін реттеуді қамтамасыз етеді. Бүкіл әрқилылығына қарамастан, құқықтық институттың нормалары ортақ құқықтық принциптермен, идеялармен бірлестірілген. Айталық, қабылдау негіздеріне қарамастан, азаматтық институты азаматтардың бірлігі мен теңдігі принциптерімен бірлестіріледі. Құқық институты кей кездері жекелеген нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі. Арнаулы заң қабылданған сол азаматтық институтын-ақ алалық. Бұл азаматтық қатынастарды реттейтін барлық құқықтық нормалар осы заңның ішінде деген сөз емес. Азаматтық туралы негіз боларлық нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған» [7, 19-20 бб.]. Осы жерде айтатын мәселе конституцияның қоғамда атқаратын роліне байланысты нормалармен сипатталатындығында. Белгілі конституционалист ғалым Қ.К. Айтхожин өзінің зерттеулерінде мынандай баға береді: «Таким образом, Конституция Республики Казахстан по своей правовой природе и форме является основным юридическим законом государства, обладающим верховенством, высшей юридической силой, закрепляющим основополагающие, коренные начала конституционного строя государства, правового положения личности, правового статуса органов государства и местного самоуправления и рассчитанным на прямое и постоянное применение. По своей же сущности и источнику происхождения Конституция, принимаемая, как правило, на основе социального

согласия в обществе, одновременно представляет собой Основной закон и государства и общества» [8, 19 б.]. Осы айтылған пікірлермен келісе отыра, жалпы конституцияны реттейтін қатынастардың аясы кең екендігін және оның аясына азаматтық іс жүргізудің де негіздері кіретіндігін тағы да осы қырынан дәлелдей аламыз. Біздің ойымызша, қазіргі кезеңде негізгі конституциялық институттардың, категориялардың бірі екендігін азаматтық іс жүргізуге қатысты айтуға болады.

Азаматтық іс жүргізуді конституциялық-құқықтық категория деңгейінде қарастыруға негіз болатын тағы бір жағдай, азаматтық іс жүргізуде адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуында жататындығында. Ал адам құқықтары мен бостандықтары конституциялық деңгейде реттелетін негізгі мәселенің бірі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 13 шілде 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 3-бөлімшесінде ерекше талап қоюмен іс жүргізуге арналған мәселелердің ішінде:

- сайлауға, референдумға қатысушы азаматтармен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар ойынша іс жүргізу;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу;
- мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту туралы іс бойынша іс жүргізу.

Көрсетілген мәселелерде азаматтық іс жүргізуді конституциялық-құқықтық реттеумен байланыстыруға мүмкіндік береді. Осы жағынан алғанда, азаматтық іс жүргізудің конституциялық-құқықтық тұрғыдағы аспектісімен қатар, жалпы салалық тұрғыдағы қыры бар екендігін көре аламыз. Біздің ойымызша, азаматтық іс жүргізу жеке салалық норманың жиынтығының көрінісі ғана болып табылмайды. Ол азаматтық іс жүргізу саласының аясынан да кең мәселелерді қамтиды. Сондықтан, конституциялық-құқықтық категориялар деңгейіне жатады.

Сөзімізді қорыта келгенде, қазіргі жағдайда азаматтық сот ісін жүргізуде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған, сот билігін жүзеге асырудың ерекше конституциялық-құқықтық категориялардың бірі деп танымыз.

Әдебиеттер

- 1 Кутафин О. Е. Предмет конституционного права. – М., 2001. – 243 с.
- 2 Козлова Е. И., Кутафин О. Е. Конституционное право России: Учебник. – М., 2003. – 510 с.
- 3 Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 464 б.
- 4 Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2002. – 320 б.
- 5 Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
- 6 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. өнд., толықт. 3 бас., – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 536 б.
- 7 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. өнд., толықт. 3 бас., – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 536 б.
- 8 Айтхожин К.К. Теоретические вопросы Конституции Республики Казахстан: автореф...дисс. докт. юр. наук. 12.00.02. – Алматы, 2008. – 44 с.

References

- 1 Kutafin O.E. Predmet konstitucionnogo prava. – M., 2001. – 243 s.
- 2 Kozlova E.I., Kutafin O.E. Konstitucionnoe pravo Rossii: Uchebnik. – M., 2003. – 510 s.
- 3 Tabanov S.A. Salystyrmaly kuckyktanу negizderi: Okulyk. – Almaty: Zheti zhargy, 2003. – 464 b.
- 4 Agdarbekov T. Kuckyk zhane memleket teorijasy. – Karagandy: Bolashak-Baspa, 2002. – 320 b.
- 5 Özbekuly S., Kopabaev O. Memleket zhane kuckyk teorijasy: Okulyk. – Almaty: Zheti zhargy, 2006. – 264 b.
- 6 Sapargaliev G.S. Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijalyk kuckygy: Akademijalyk kurs. ond., tolykt. 3 bas., – Almaty: Zheti zhargy, 2008. – 536 b.
- 7 Sapargaliev G.S. Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijalyk kuckygy: Akademijalyk kurs. ond., tolykt. 3 bas., – Almaty: Zheti zhargy, 2008. – 536 b.
- 8 Ajthozhin K.K. Teoreticheskie voprosy Konstitucii Respubliki Kazahstan: Avtoref...diss. dokt. jur. nauk. 12.00.02. – Almaty, 2008. – 44 s.